



## Автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерге арналған базалық салық мөлшерлемелері туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2025 жылғы 17 қазандағы № 329 шешімі.

Қазақстан Республикасы Салық кодексі 581-бабының 3-тармағына сәйкес Жітіқара аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 18.02.2026 № 373 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 01.01.2026 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады).**

1. Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарына байланысты автотұрақтар ( паркингтер) орналасқан жерге арналған базалық салық мөлшерлемелерін ұлғайту мөлшері осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес ұлғайтылсын.

3. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттардағы жерге салықты есептеу кезінде жеріне базалық мөлшерлемелер қолданылатын жақын орналасқан елді мекен болып Жітіқара қаласы айқындалсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жітіқара аудандық мәслихатының төрағасы*

*Н. Уразалинов*

Мәслихатының  
2025 жылғы 17 қазандағы  
№ 329 шешіміне  
1-қосымша

### Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары

№	Автотұрақтардың (паркингтердің) типтері	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары
1	Автотұрақтар (паркингтер), жабық типті	I санат
2	Автотұрақтар (паркингтер), ашық типті	II санат

Мәслихатының  
2025 жылғы 17 қазандағы  
№ 329 шешіміне  
2-қосымша

**Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарына байланысты автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерге арналған базалық салық мөлшерлемелерінің мөлшері**

№	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары	Мөлшерлемелер
1	I санат	10 есе
2	II санат	10 есе

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК